

**Теректі негізгі мектебі бойынша қамқоршылық кеңес жұмысының жоспары 2024 -2025
оқу жылы**

	Іс-шаралардың аталуы	орындалу мерзімі	орындалуына жауапты	аяқталу формасы
Ұжымның жалпы жиналысы (педагогтер мен ата-аналар)				
	Қаралатын мәселе: 1. Педагогикалық ұжымның және ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің өткен жылы атқарған жұмыстарының қорытындысы. 2. Қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамымен танысу	қыркүйек	мектеп директоры, ата-аналар комитетінің төрағасы, қамқоршылық кеңесінің төрағасы	есеп, хаттама
	Қаралатын мәселе: 1. Кеңестің жылдық жұмысының қорытынды есебі	маусым	мектеп директоры, ата-аналар комитетінің төрағасы, қамқоршылық кеңесінің төрағасы	есеп, хаттама
II. Қамқоршылық кеңесінің отырыстары				
1	№1 отырыс: 1. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. 2. Арнайы санатқа жататын отбасы балаларына берілетін қаржылай көмектің берілуі, оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы, мектепке жол акциясы.	тамыз	кеңес төрағасы кеңес мүшелері	жоспар, хаттама, шешім
2	№2 отырыс: 1. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету жағдайы 2. Оқушылардың сабақтан тыс бос уақыттарын ұйымдастыру мәселелері	казан	мектеп директоры тәрбие ісінің орынбасары кеңес мүшелері	Хабарлама, шешім, хаттама
3	№3 отырыс: 1. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінің шешілу жайы 2. Аудан, облыс әкімі жанынан ұйымдастырылған жаңа жылдық шыршаға оқушыларды ұсыну	желтоқсан	мектеп дәрігері кеңес мүшелері төраға	Шешім, хаттама
4	№4 отырыс: 1. Оқу жылының қорытындысы 3. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру	мамыр	мектеп директоры тәрбие ісі жөніндегі орынбасары кеңес мүшелері	Шешім, хаттама
III. Ағымдағы ұйымдастырушылық іс-шаралар				
1	Мектептегі: 1) ата-аналар комитетімен; 2) педагогикалық кеңеспен; 3) оқушылардың өзін-өзі басқару органымен;	жыл бойы жалғасады	Төраға	Бірлескен іс-шаралар жоспары
2	Білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын нығайту, оқушыларға материалдық көмек көрсету мақсатында бюджеттен тыс қаржы көздерін іздестіру	жыл бойы жалғасады	Төраға	Келісім шарттар

3	Білім беру ұйымы өкілдерімен бірлесе отырып, материалдық көмек қажеттігі бар оқушылар тізімін дайындау	Қыркүйек	Кенес мүшесі	тізім
4	Жергілікті жердегі медицина ұйымдары арқылы созылмалы сырқаты бар балалардың емделу жағдайын қарастыру	жыл бойы жалғасады	Төраға	бірлескен іс-шаралар жоспары
5	Құқық қорғау, өрттен сақтау, және т.б. органдарымен бірлесе отырып оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жасөспірімдер арасындағы ұқықбұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастыру, жүргізу	жыл бойы жалғасады	Төраға	бірлескен іс-шаралар жоспары
IV. Жалпы іс-шаралар				
1	Мемлекеттік және мектепшілік мерекелерді ұйымдастыруға атсалысу: 1) Конституция күнін мерекелеу; 2) білім күнін өткізу; 3) жаңа жыл мерекесін өткізу; 4) Наурыз мерекесін өткізу; 5) соңғы қоңырау және мектеп бітіру кешін ұйымдастыру	жыл бойы жалғасады	кеңес мүшесі	жоспар
2	Білім беру ұйымдарындағы ата-аналарға педагогика-психологиялық қолдау көрсету ісіне атсалысу	жыл бойы жалғасады	төраға, кеңес мүшесі	жоспар
3	Оқушыларды теріс ниеттегі діни ағымдар ықпалынан қорғау жұмыстарына қолдау көрсету	жыл бойы жалғасады	төраға, кеңес мүшесі	жоспар
4	Мектеп ауласын абаттандыру мен оқу кабинеттерін жабдықтау ісіне ата-аналарды, мектеп бітіріп кеткен түлектерді тарту	жыл бойы жалғасады	төраға, кеңес мүшесі	жоспар
5	Ата-аналардың қатысуымен өтетін мектепшілік шараларды ұйымдастыру: 1) спорттық жарыстар; 2) интеллектуальдік сайыстар; 3) ата – аналарды тәрбие сағаттарын өткізуге тарту.	жыл бойы жалғасады	төраға, кеңес мүшесі	жоспар
6	Оқушылардың жазғы еңбек практикасын өткізуге мектеп әкімшілігіне көмек көрсету	жазғы каникул күндері	төраға, кеңес мүшесі	жоспар

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

Хаттама №1

20.09.2024

Қатысқандар: қамқоршылық төрағасы, мүшелері мен мектеп әкімшілігі.

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспарын талдау, жоспар құру.
2. Мектептегі ата-аналарды қолдау мектебінің жұмысымен таныстыру.
3. Біртұтас тәрбие бағдарламасының ерекшеліктері туралы.
4. Мектеп директорының есебі.

Тыңдалды: бірінші мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы сөз сөйледі.

С.Қосжанов: биылғы оқу жылы 2024-2025 оқу жылына қамқоршылық кеңес жоспарын қайта жасақтап бекіту туралы айтылды.

Екінші және үшінші мәселелер бойынша тәрбие жөніндегі мектеп директорының орынбасары сөз сөйледі.

Г.Қалиева: Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 маусымдағы № 194 бұйрығы

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

Мазмұны ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық **құндылықтарға негізделген.**

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаны іске асыру құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелеріне негізделеді. Олар оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың өзара үйлесімді бірлігін қамтамасыз етеді.

Бұл білім алушылардың бойындағы **құзыреттер жиынтығын құрайды және білім беру ұйымы түлектерінің моделін** айқындайды: ұлттық мүддені ілгерілету; тиімді қарым-қатынас және басқалармен ынтымақтастық орнату; қоғамға қызмет ету; этикалық мінез-құлық нормаларын сақтау; инновациялық ойлау; идеялар мен проблемаларды шешуде стандартты емес тиімді әдістер қолдану

Ай сайын:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жанашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

Күнделікті: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Өнегелі 15 минут», «Үнемді тұтыну», «Күй күмбірі»

Апта сайын: Аптаның дәйексөздері, «Қауіпсіздік сабағы»

Алдын алу шаралары: Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам; Буллингтен қорған! Ойынға салауатты көзқарас; Өмірге салауатты қадам; Қоғамдық мүлікті қорға! Қауіпсіз қоғам.

Жобалар: Балалар кітапханасы, Қамқор, Еңбегі адал – жас өрен, Шабыт, Ұшқыр ой аланы Smart bala жобалары ұсынылады. Биылғы оқу жылында осындай өкзгешеліктермен бастағалы отырмыз. Сонымен қатар мектебімізде ата-аналарды қолдау орталығы жұмыс жасайды.

Педагогикалық қолдаудың мақсаты балалардың әл-ауқаты мен үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін оң тәрбие мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Ата-аналарды педагогикалық қамтамасыз ету міндеттері:

1. балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік құзыретін дамыту үшін ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2. балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы білім беру ұйымы мен отбасының өзара іс-қимылын күшейту;

3. ата-аналардың отбасылық тәрбие процесіндегі балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге уәждемесін арттыру.

Ай сайын ата-аналарға арналған жиналыстар жасалып барлық сыныптың ата-аналарына арналған жоспар жасакталып жұмыс жүргізіліп жатыр.

Сонымен қатар мектебімізде түрлі іс-шаралар ұйымдастылып жатыр атап айтсам алдағы жоспарда қарттар күні, Күзгі асар, алдағы жаңа жылдық кешіміз бар . осы іс-шараларымыздың бас қасында болып ат салысуларыңызға ұсыныс білдіреміз. Мектепте көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып әлеуметтік желіге орналастырылып отырады. Жалпы мектебімізде құқық бұзушылық тіркелмеді. Мұғалімдер мен ата -аналардан құралған топ кешкі уақытта кезекшілікке шығады.

Төртінші мәселе бойынша мектеп директоры сөз сөйледі.

Б. Карасаев: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген Қамқоршылық кеңес жұмысына 2023 жылдың наурыздағы №56 бұйрығы негізінде қамқоршылық кеңестің атқаратын жұмысы мен міндеттері туралы айта кетті. Сонмен қатар өз есебінде биылғы оқу жылында мектебіміздің аттестациядан өтетіндігі жөнінде айтып өтті. Осы орайда мектебіміз қызу дайындық үстінде. Мектепшілік өзін –өзі бағалау жүргізіп мынадай қорытынды шығарып отырмыз.

1) Мектебіздің жоғары жұмыскерлердің шкаласы -27/75 жоғ. білім.

2) 5 жылда 1 рет басшылардың санат қорғауы -72%

3) 3 жылда 1 рет курстан өту орындалды- 5 балл 100%

4) Бастауышта біліктілік санаты 33%

5) Негізгі орта білім беретін 5-11 сынып аралығында білім беретін педагог санаты - 42%

6) Мектептің министрліктің 70 бұйрығы мектептің құрал –жабдықтары -80% 3 балл

7) Жиһазбен қамтылуы есіктерді контрасты бояулармен бояу, пандустын болуы – 95%

8) Кітапха ішіндегі көркем әдебиетпен қамтылуы – 85 %

9) Б.б ұйымның толымдығы- 95%

10) 17 қыркүйек тест алынды. 4, 9 сынып оқушыларынан 85 %

11) Білім алушылардан сауалнама талдауы- 92 %

12) Педагогтар арасында сауалнама талдауы- 96 %

13) ата-ана сауалнама талдауы – 95.1 %

Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары жасақталсын.
2. Мектеп директорының 2024-2025 оқу жылына арналған жұмысының есебі «жаксы» деп есептелінсін.
3. Алдағы уақытта да өзекті мәселелер жоспарға алынып, жұмыс жоспарға сай орындалсын.

Кенес төрағасы:  Төремұратов С.

Хатшы:  Есенғосова В.

Қатысқандар: қамқоршылық төрағасы, мүшелері мен мектеп әкімшілігі.

Күн тәртібінде:

1. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ыстық тамақпен қамтылуы.
2. Оқушылардың сабақтан тыс бос уақыттарын ұйымдастыру мәселелері.
3. Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу.

Тыңдалды: бірінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогі сөз сөйледі.

Н. Аренов Білім алушылармен тәрбиеленушілердің ыстық тамақпен қамтылуы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығы, Ойыл ауданының білім бөлімінің 02.09.2024жылғы №454 бұйрығын басшылыққа ала отырып, Теректі негізгі мектебінің 2024 жылғы 2 қыркүйегіндегі №45 бұйрығы негізінде бастауыш буынның 1-4 сыныптар барлық оқушылары және 5-9 сыныптың Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ) мәліметтері негізінде 5 оқушы ыстық тамақпен қамту үшін тізім жасакталды. Қыркүйек айында барлығы 29 оқушы, II жартыжылдық бойынша 29 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Түске дейін 1,4,8 сыныптар барлығы 16 оқушы. Түстен кейін 2,3,6 сыныптар барлығы 13 оқушы ыстық тамақ ішеді.

Оқушылардың тамақтану уақыты мен тамақтануға уақытылы баруын қадағалау үшін кезекшілік кестесі құрылды.

Күнделікті оқушыларға берілетін ыстық тамақтың сапасын қадағалау мақсатында бракеражды комиссия құрамы төмендегідей болып бекітілді.

Коммессия төрағасы – Н. Аренов – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

Мүшелері: Ә.Қашқарбаева – психолог

Е. Жайсаңбаев – шаруашылық меңгерушісі

Ш. Рахметов – ата – аналар комитетінің мүшесі.

2024-2025 оқу жылына бракеражды және мониторинг комиссияларының жұмыс жоспары құрылып, жоғарыда аты аталған бракераж мүшелері жоспарға сай жұмыстарын жүргізді. Ай – сайын тамақтану сапасы тексеріліп хаттама, актілер толтырылып отырды.

Ақтөбе облысы білім басқармасының басшысы Жайық Сұлтан 05.01.2024 жылғы жалпы білім беретін мектептердің тамағын ұйымдастыру бойынша жұмыс тобының мәжілісінің хаттамасы негізінде екі апталық ас мәзірін бекітті. Ас мәзірі 11.00 –ге дейін, 11.00 –ден кейін деп екіге бөлінеді. Түске дейінгі оқушыларға сағат 09:35 қонырау уақытында беріледі. Түстен кейін сағат 15:40 қонырау уақыты 15 минут. Оқушылардың жас ерекшеліктері 7-10 жас, 11-14 жас, 15-18 жас болып бөлініп тағамның шығымы, граммы жас ерекшеліктеріне байланысты беріледі. Асханада екі аспаз жұмыс жасайды. Медициналық тексерістен өткендігі жөнінде қағаздары бар. Асханаға байланысты шағымдар түскен жоқ.

Тыңдалды: 2-ші, 3-ші мәселелер бойынша мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз сөйледі.

Н. Аренов Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мәселесі бойынша жылдық жұмыс жоспары құрылып, жоспарға сай ұйымдастырылып отыр. Мектебімізде қолайсыз отбасы жоқ. Мектепшілік есепте тұрған оқушы саны жоқ. Қыз балалар мен ұл балалар клубы жоспар құрып, жоспарға сай жұмыс жасап отыр. Сонымен қатар біртұтас тәрбие аясында сынып жетекшілер тәрбие сағатына кіріктірілген қауіпсіз 10 минут сабағын жүргізіп отыр. Тәрбие, әлеуметтік педагог, психолог, сынып жетекшілер біріккен жоспар бойынша түрлі тақырыпта құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында тәрбие сағаттарымен тренинг, сауалнама, бейнероликтер көрсетіп жұмыс жүргізіп отыр. Мектеп тәртібін қадағалау мақсатында мектеп әкімшілігі мен мұғалімдер кезекшілігі құрылып, бекітіліп қонырау кезінде

мектеп тыныштығына жауап береді. Сондай –ақ кешкі уақытқа мұғалімдермен ата-аналардан құралған кезекшілік түнгі рейдке шығады. Жалпы ауыл тыныш, құқық бұзушылық орын алмады.

Үшінші мәселе бойынша


- Оқушылардың сабақтан тыс уақытта бос уақыттарын тиімді пайдалану өте маңызды, себебі бұл оларды тұлғалық дамытудың бір бөлігі болып табылады.
 - Оқушылардың бос уақыты шығармашылық, интеллектуалды және физикалық жағынан дамуына ықпал етуі керек.
 - Оқушылардың бос уақытында әртүрлі үйірмелер мен секцияларды ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен айналысу, мәдени іс-шараларға қатысу сияқты мүмкіндіктер ұсынылуы тиіс.
- Осы мақсатта мектебімізде Тоғызқұмалақ үйірмесі жұмыс жасайды. Үйірме жетекшісі А. Максот оқушыларды аудандық түрлі деңгейдегі жарыстарға қатыстырып жүлделі орындардан көрініп жүр.

Сөйлеушілер: төраға С. Төремұратов көтерілген мәселелер бойынша алып өсарым жоқ. Мектеп тарапынан жоспарға сай, өз деңгейінде жұмыс ұйымдастырылып жасалынып жатыр. Жаксы деген сөз ғана айта аламын.

Қаулы:

1. Ысттық тамақты ұйымдастыру жұмысы әрі қарай жандансын.
2. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен алдын алу шаралары өз деңгейінде ұйымдастырылсын.
3. Оқушылардың сабақтан тыс бос уақыттарын ұйымдастыру жандандырылсын.

Кенес төрағасы:  Төремұратов С.

Хатшы:  Есенғосова В.

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

Хаттама №3

18.12.2024

Қатысқандар: қамқоршылық төрағасы, мүшелері мен мектеп әкімшілігі.

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың қауіпсіздігіне жол бермеу.
2. Мектепте Жаңа жылдық мерекелік кешті ұйымдастыру және өткізу.

Тыңдалды: *бірінші және 2-ші мәселе бойынша мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз сөйледі.*

Н. Аренов: Оқушылардың қауіпсіздігіне жол бермеу басты мәселе. Қазір көктем мезгілі, қар еріп жердің барлығы балшық болатын мезгіл. Ауа-райының қолайсыздығына карамастан оқушыларды сабақтан себепсіз қалдырмай, бос уақыттарында өзен жағасына жібермей, мұздан абай болу керек екенін естен шығармауымыз керек. Оқушылар мен ата-аналарға түсіндерме жұмысы жүргізіліп, жаднама таратылды.

Тыңдалды: *мәселелер бойынша мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз сөйледі.*


Н. Аренов: мектепте Жаңа жылдық мерекелік кештің ұйымдастырылуы және Аудан әкімі жанынан ұйымдастырылатын жаңа жылдық шыршаға оқушыларды ұсыну. Мектебіміздің ерекше білімді қажет ететін 2 сыныптың екі оқушысы Қабдрахим Б. Жұмаш А.ні аудан әкімі шыршасына ұсынамын.

Сөйлеушілер: төраға Төремұратов С. көтерілген мәселелер бойынша алып қосарым жоқ. Мектеп тарапынан жоспарға сай, өз деңгейінде жұмыс ұйымдастырылып жасалынып жатыр. Жақсы деген сөз ғана айта аламын.

Қаулы:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен алдын алу шаралары өз деңгейінде ұйымдастырылсын.
2. Жаңа жылға дайындық өз дәрежесінде ұйымдастырылсын.

Кенес төрағасы:  Төремұратов С.

Хатшы:  Есенғосова В.

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

Хаттама №3

18.12.2024

Қатысқандар: қамқоршылық төрағасы, мүшелері мен мектеп әкімшілігі.

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың қауіпсіздігіне жол бермеу.
2. Мектепте Жаңа жылдық мерекелік кешті ұйымдастыру және өткізу.

Тыңдалды: бірінші және 2-ші мәселе бойынша мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз сөйледі.

Н. Аренов: Оқушылардың қауіпсіздігіне жол бермеу басты мәселе. Қазір көктем мезгілі, қар еріп жердің барлығы балшық болатын мезгіл. Ауа-райының қолайсыздығына карамастан оқушыларды сабақтан себепсіз қалдырмай, бос уақыттарында өзен жағасына жібермей, мұздан абай болу керек екенін естен шығармауымыз керек. Оқушылар мен ата-аналарға түсіндерме жұмысы жүргізіліп, жаднама таратылды.

Тыңдалды: мәселелер бойынша мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз сөйледі.


Н. Аренов: мектепте Жаңа жылдық мерекелік кештің ұйымдастырылуы және Аудан әкімі жанынан ұйымдастырылатын жаңа жылдық шыршаға оқушыларды ұсыну. Мектебіміздің ерекше білімді қажет ететін 2 сыныптың екі оқушысы Қабдрахим Б. Жұмаш А.ні аудан әкімі шыршасына ұсынамын.

Сөйлеушілер: төраға Төремұратов С. көтерілген мәселелер бойынша алып қосарым жоқ. Мектеп тарапынан жоспарға сай, өз деңгейінде жұмыс ұйымдастырылып жасалынып жатыр. Жақсы деген сөз ғана айта аламын.

Қаулы:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен алдын алу шаралары өз деңгейінде ұйымдастырылсын.
2. Жаңа жылға дайындық өз дәрежесінде ұйымдастырылсын.

Кенес төрағасы:  Төремұратов С.

Хатшы:  Есенғосова В.

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

Хаттама №4

17.03.2025

Қатысқандар: қамқоршылық төрағасы, мүшелері мен мектеп әкімшілігі.

Күн тәртібінде:

1. Мектеп пен ата-ана арасындағы байланыс..
3. Наурыз мерекесін ұйымдастыру және өткізу.

Тыңдалды: бірінші мәселе бойынша мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз сөйледі.

Н. Аренов:

Былтырғы жылдан бастап Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ата-аналарды психологиялық қолдау мақсатында Ата-аналарды мектептің оқу процесіне тарту баланың білім алуы мен оқуына оң көзқарасты қалыптастыруға көмектеседі, баланың академиялық нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді, бұл болашақта білім берудің жалғасуына және өзін-өзі дамытуға ұмтылуға әкеледі.

Бұл жолда ата-аналар баланың әр кезеңдегі физиологиялық, эмоциялық, интеллектуалдық даму ерекшеліктерін, бала - ата-ана арасындағы жағымды қарым-қатынастарын құру жолдарын білуі қажет. Қазақстан Республикасының барлық өңірлеріндегі білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылында ашылған Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары осы білім мен дағдыларды меңгеруге көмек көрсетуге арналған.

Мектеп пен ата-аналар қоғамдастығының өзара іс - қимылы білім беру процесінің маңызды аспектісі болып табылады, ол оқушылар үшін қолайлы оқу ортасын құруға ықпал етеді. Мектеп пен ата-аналар қоғамдастығының тиімді өзара іс-қимылы серіктестік құруға, білім беру процесін жетілдіруге және оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Мектеп пен ата-аналар қоғамдастығының өзара іс-қимылы саласындағы әлемдік ғылыми-практикалық тәжірибе ата-аналардың өз балаларын оқытуға қатысу түрлерінің иерархиясын көрсететін білім беру ұйымдарына ата-аналарды тарту моделін ұсынады.

Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету бағдарламасы аясында төмендегідей жұмыстар жүргізілді.

Бастауыш 1-4 сынып оқушылары ата-аналарына Сапалы ұйқы: балалардың дамуымен денсаулығының іргетасы, Дұрыс тамақтану әдет - гұрпын құру, Назар аударуды дамыту, Логикалық ойлауды үйрену, Отбасылық келісімнің кепілі – сенімді қарым-қатынас, Баланы өзінің және басқа адамдардың сезімін түсінуге үйрету тәртібі тақырыбында ата-аналармен жұмыс жүргізілді.

Орта буын 5-9 сынып оқушылары ата-аналарына мына тақырыптарда Жасөспірімдердегі ұйқы: Оқуға және мінез-құлыққа әсері, Жадыны дамыту, Балаңыздың ой-пікірін ояту, Жасөспірімнің Түсінік алу және қабылдау тәртібі, Бүлдіретін сыртқы әсерлерге балалардың қарсы тұруы өткізілді.

Екінші мәселе бойынша Наурыз мерекесін ұйымдастыру және өткізу бойынша айтарым, дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жылдағыдай оқушылар мен сынып жетекшілер концерттік бағдарлама ұйымдастырып, салт-дәстүр көрсетіп, ұлттық ойындар ойнатылып, ұлттық тамағымыз наурыз көже әкеліп дастархан жайып атап өтпекшіміз. Наурыз жаңа жылымыз өз дәрежесінде өтеді деген ойдамыз.

Қаулы:

1. Ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмыстары өз деңгейінде өткізілсін.
2. Жыл басы Наурыз тойы жақсы деңгейде ұйымдастырылсын.

Кеңес төрағасы:  Төремұратов С.

Хатшы:  Есенғосова В.